№67-68 (2445-2446)
Сәрсенбі
2 қыркүйек
2026 жыл
Газет 2003 жылдың 5 қаңтарынан шығады

# ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

Аймақтық ақпараттық-танымдық басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ АҒЫМСАЛЫ ДҮЗЕЛХАНОВТЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ КӨРМЕ ӨТТІ



Алматы қаласындағы Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінде қазақ бейнелеу өнерінің көрнекті өкілі, жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ағымсалы Дүзелхановтың 75 жылдығына арналған тағылымды көрме өтті.

Қазалы қаласында дүниеге келген Ағымсалы Дүзелханов ұлттық бейнелеу өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосып, қазақ руханиятында өзіндік қолтаңбасын қалдырған бірегей суретші болды. Кескіндеме, графика және кітап иллюстрациясы салаларында жемісті еңбек етіп, тарихи-фольклорлық тақырыптағы шығармалары арқылы ұлттық өнердің өрісін кеңейтті. Сондай-ақ, талай жыл ұстаздық етіп, жас буынға өнердің қыр-сырын үйретіп, кәсіби жол сілтеді.

Суретшінің 75 жылдығына арналған көрмеге аудан әкімі Алмасбек Есмаханов арнайы қатысып, сөз сөйледі.

Көрмеде аудан басшысы Қызылорда облысының әкімі Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлының Ағымсалы Дүзелхановтың отбасы мен өнерсүйер қауымға арналған арнайы Құттықтау хатын табыстады. Сондай-ақ, аудан әкімі Әбілхан Қастеев атындағы өнер музейіне естелік сыйлық табыстады.

Тағылымды шараға Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, жазушы Бексұлтан Нұржекеев, Әшірбек Көпішев, зиялы қауым өкілдері, өнер саласының мамандары мен студент жастар қатысты.

Көрмеде жерлесіміздің шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылып, суретшінің ұлттық өнердегі айрықша орнына мән берілді.

Шарада қазалылықтар атынан белгілі журналист-жазушы, Ақпараттану академиясының академигі Ермек Зәңгіров бастаған жерлестері Ағымсалы Дүзелхановтың жары, қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі Әбілхан Қастеевтің қызы Гүлдария Қастееваға заманауи үлгідегі шапан жауып, қазақы дәстүрмен құрмет көрсетті. Ал Қазалы ауданының Құрметті азаматы, жазушы Молдахмет Қаназов суретшінің зайыбына камзол кигізіп, ақ жаулық тарту етті.

Кеш соңында өнер шеберлерінің концерті ұйымдастырылып, көрермендер суретшінің шығармаларынан сыр шертетін көрмені тамашалады.

Ағымсалы Дүзелхановтың ғибратты ғұмыры мен мол шығармашылық мұрасы – қазақ өнерінің алтын қорында мәңгі сақталатын құнды қазына. Жерлесіміздің есімін ұлықтап, өнегелі жолын кейінгі ұрпаққа насихаттау – елдік парыз.

## ЖЕРЛЕСІМІЗ, ЕЛШІ ОҢТАЛАП ОҢАЛБАЕВ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ





Қазалы ауданына Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, жерлесіміз Оңталап Серікбайұлы Оңалбаев жұмыс сапарымен келді.

Құрметті қонақты аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш қарсы алып, ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Сапар барысында Оңталап Серікбайұлы «Руханият» орталығына барып, ауданның тарихы, мәдениеті мен рухани өмірімен танысты.

Кездесуде Ғазиз Әлмәмбетұлы Президентіміздің, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асып жатқан игі жұмыстарды, Қазалының өткені мен бүгіні, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағытында жүзеге асырылып жатқан жобаларды атап өтті.

Жерлесіміз ауданның тыныс-тіршілігіне қанық болып, ел игілігі жолында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, туған жердің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артып, елді мекендердің көркейе беруіне ізгі тілегін жеткізді.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

**ЖОБА**

## «ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМЕС САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫН АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 07 МАУСЫМДАҒЫ № 92 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына және "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қазалы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 07 маусымдағы №92 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8425-11 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы** **Аты-жөні**

**Қазалы ауданы әкімдігінің**
**2026 жылғы «__» ________**
**№ __ қаулысына қосымша**
**Қазалы ауданы әкімдігінің**
**2023 жылғы «07» маусымдағы**
**№ 92 қаулысымен бекітілген**

## ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМЕС САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ

| № | Орналасу орны | Алатын алаңы (шаршы метр) | Қызмет саласы | Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл) | Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ, қоғамдық тамақтану объектілері) | Сауда объектісінің стационарлық емес орналасу орнынан қашықтығы | Стационарлық емес сауда объектісінің түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Қазалы қаласы, Қорқыт ата көшесі, Қалалық мәдениет үйі ғимаратының ауласы | 400 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Самғат» дүкені | 400 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 2 | Қазалы қаласы, Жанқожа батыр көшесі | 400 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Нұрбек» дүкені | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 3 | Қазалы қаласы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Жандос» дүкені | 200 метр | шатыр (павильон) |
| 4 | Қазалы қаласы, А.Тоқмағамбетов көшесі | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Ақ-Мерей» дүкені | 70 метр | шатыр (павильон) |
| 5 | Қазалы қаласы, М.Ерлепесов көшесінің басы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Жанерке» дүкені | 200 метр | шатыр (павильон) |
| 6 | Қазалы қаласы, М.Күзембаев көшесі | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Дастан» дүкені | 200 метр | шатыр (павильон) |
| 7 | Қазалы қаласы, Б.Қосаев көшесі | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Анель» дүкені | 50 метр | шатыр (павильон) |
| 8 | Қазалы қаласы, Құрманғазы көшесі | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Азат» дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 9 | Қазалы қаласы, Аманкелді батыр көшесі | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Акмарал» дүкені | 200 метр | шатыр (павильон) |
| 10 | Қазалы қаласы, Қорқыт ата көшесі | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Жанерке» дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 11 | Әйтеке би кенті, Қарасақал Ерімбет көшесі, Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын жатақханасының арты | 140 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Намыс-Құрылыс» құрылыс заттар дүкені | 30 метр | автодүкен |
| 12 | Әйтеке би кенті, Сәбит Мұқанов көшесі мен Қайрат Халықов көшелерінің қиылысы | 150 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Тоғай» шағын маркет | 50 метр | шатыр (павильон) |
| 13 | Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі мен Біржан сал көшесінің қиылысы «Казпошта» акционерлік қоғамы ғимаратының сол жағы | 60 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «1001 ұсақ» дүкені | 100 метр | автодүкен |
| 14 | Әйтеке би кенті, Тұрар Рысқұлов көшесі мен Талант Бөріқұлақов көшесінің қиылысы | 150 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Жұлдызай» дүкені | 700 метр | автодүкен |
| 15 | Әйтеке би кенті, Самара-Шымкент тас жолының бойы | 300 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Арзан Сити» тамақтану орны, кафе | 700 метр | шатыр (павильон) |
| 16 | Әйтеке би кенті, Нурила Ана көшесінің бойы | 300 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Тоғай" шағын маркет | 500 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 17 | Әйтеке би кенті, «Мелиоратор» мөлтек ауданы | 500 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Сұңқар» азық түлік дүкені | 500 метр | шатыр (павильон) |

→

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | Әйтеке би кенті, Қ.Қартақов пен Қорқыт ата көшелерінің қиылысы | 500 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Бекзат» азық түлік дүкені | 800 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 19 | Әйтеке би кенті, Т.Рысқұлов пен Т.Бөріқұлақов көшелерінің қиылысы | 800 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Жұлдызай" дүкені | 700 метр | автодүкен |
| 20 | Әйтеке би кенті, 5 квартал аумағы, «Қазалы-Керуен» автостанциясының жаны | 500 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Миллион" дүкені | 800 метр | автодүкен |
| 21 | Қожабақы ауылы, М.Еселбаева көшесінің бойындағы аялдаманың жаны | 120 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Адина» дүкені | 600 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 22 | Қожабақы ауылы, Темірбай Емешұлы көшесінің бойындағы орталық саябақтың алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | Қожабақы ауылдық мәдениет үйі «Адина» дүкеніне қарама қарсы | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 23 | Қожабақы ауылы, Т.Емешұлы көшесіндегі аялдаманың жаны | 120 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Адина» дүкені | 700 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 24 | Қожабақы ауылы, Ж.Бекетаев көшесінің бойында | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 2 | Қоғамдық монша жаны | 50 метр | шатыр (павильон) |
| 25 | Қожабақы ауылы, Бейбітшілік көшесінің бойында | 120 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | Мектеп, балабақша және аурухана | 150 метр | шатыр (павильон) |
| 26 | «Алға» ауылдық округі, Үрмәш Түктібаев ауылы, Комсомол көшесі №7 үйдің оңтүстік жағы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Алтынай" дүкені | 40 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 27 | «Алға» ауылдық округі, Үрмәш Түктібаев ауылы, Ү. Түктібаев көшесі №3 үйдің солтүстік жағы | 120 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Лунара" дүкені | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 28 | «Алға» ауылдық округі, Үрмәш Түктібаев ауылы, Ү. Түктібаев көшесі мен А.Жұбатыров көшесінің қиылысы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Аяулым" дүкені | 30 метр | шатыр (павильон) |
| 29 | «Алға» ауылдық округі, Үрмәш Түктібаев ауылы, Б.Әбдіразақов көшесі мен Жаңа жол көшесінің қиылысы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Тұмар" дүкені | 50 метр | шатыр (павильон) |
| 30 | Алға ауылдық округі, Үрмаш Түктібаев ауылы, Ү. Түктібаев көшесі №30Б үйдің қарсы беті | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Рза-Агро" ЖШС | 50 метр | шатыр (павильон) |
| 31 | Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылы, Ғ.Мұратбаев көшесі, орталық саябақтың оң жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Раян» дүкені | 10 метр | шатыр (павильон) |
| 32 | Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылы, Ғ.Мұратбаев көшесі «Қуандық Әулие» мешіті алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Раян" дүкені | 10 метр | шатыр (павильон) |
| 33 | Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылы, Ауылдық дәрігерлік амбулатория алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Арнұр» дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 34 | Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылы, К.Оразалиева мен Жеңістің 40 жылдығы көшелерінің қиылысы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Арнұр» дүкені | 60 метр | шатыр (павильон) |
| 35 | Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылы, Балабақша мекемесінің жаны | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Әли» дүкені | 200 метр | шатыр (павильон) |
| 36 | «Бозкөл» ауылдық округі, «Бозкөл» ауылы, Досжан Қуандықов көшесінің бас жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Мұхтар» дүкені «Уәлихан» дүкені | 500 метр 500 метр | автодүкен |
| 37 | «Бозкөл» ауылдық округі, «Бозкөл» ауылы, Шындалы Бердібаев және Қожали Өтепбергенов көшелерінің аралығы, «Бала Ахун» мешітінің алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | «Мұхтар» дүкені | 100 метр | автодүкен |
| 38 | Бозкөл ауылдық округі, Бозкөл ауылы, Шындалы Бердібаев көшесінің бойы, Бозкөл дәрігерлік Амбулаториясының оң жағы | 150 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Уәлихан" дүкені | 400 метр | автодүкен |
| 39 | Бозкөл ауылдық округі, Бозкөл ауылы, Алтынбай Жолжанов пен Досжан Қуандықов көшелерінің аяқ жағындағы аралық | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Айтөре" дүкені | 300 метр | автодүкен |
| 40 | «Бозкөл» ауылдық округі,»Бозкөл» ауылы, Шындалы Бердібаев көшесінің аяқ жағы | 300 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Мұхтар" дүкені | 800 метр | автодүкен |
| 41 | «Бозкөл» ауылдық округі, «Бозкөл» ауылы, Қожали Өтепбергенов көшесі, «Бозкөл ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының оң жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Мұхтар" дүкені «Уәлихан» дүкені | 100 метр 300 метр | автодүкен |
| 42 | «Сарыкөл» ауылдық округі, Абай ауылы,А.Құнанбаев көшесінің бойында орналасқан Жұма дүкенінің жаны | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Жұма" азық-түлік дүкені | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 43 | «Сарыкөл» ауылдық округі, Абай ауылы, Абай Құнанбаев көшесі мен Зейнолла Шыраев көшесінің қиылысы | 150 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Нұртілек" азық-түлік дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 44 | «Сарыкөл «ауылдық округі, Абай ауылы , Ш.Уәлиханов көшесінде орналасқан | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Берден К" азық-түлік дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 45 | Сарыкөл ауылдық округі, Абай ауылы, Жаңа көше көшесінде орналасқан | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Берден К" азық-түлік дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 46 | «Сарыкөл» ауылдық округі, Абай ауылы,А.Құнанбаев көшесінде орналасқан | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Нұртілек" азық-түлік дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 47 | Басықара ауылы,Ү.Түктібаев көшесі, Балалар алаңының алды | 300 | Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар | 5 | «Азамат» дүкені | 100 метр | Автодүкен, Шатыр (павильон) |
| 48 | Басықара ауылы, Ү.Түктібаев көшесі, Ауылдық клуб алды | 400 | Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар | 5 | Орталық алаң | 80 метр | Автодүкен, Шатыр (павильон) |

→

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 49 | Басықара ауылы, С.Мұқанов көшесі, ауыл әкімшілігінің алды | 400 | Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар | 3 | №8 «Тілашар» балабақшасы | 150 метр | Автодүкен, Шатыр(павильон) |
| 50 | Басықара ауылы, А.Құнанбаев көшесі, | 400 | Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар | 3 | «Нұрзат» дүкені | 200 метр | Автодүкен, Шатыр (павильон) |
| 51 | Басықара ауылы, Т.Мұсабаев көшесі | 400 | Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар | 3 | «Нұрзат» дүкені | 200 метр | Автодүкен, Шатыр (павильон) |
| 52 | Қазалы ауданы «Шакен» ауылы, «Шәкен» көшесі бойы, Тағзым алаңы жанында | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Раяна" дүкені | 40 метр | шатыр (павильон) |
| 53 | Қазалы ауданы, Шакен ауылы, Шәкен көшесі, «Шәкен ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынға қарама қарсы | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Нурила" дүкені | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 54 | Қазалы ауданы, «Шакен» ауылы, «Шәкен» көшесі Спорт алаңы жаны | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Мейрімжан" дүкені | 20 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 55 | Қазалы ауданы, «Шакен» ауылы, «Шәкен» көшесі №134 орта мектепке қарама қарсы | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Ақзира" дүкені | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 56 | Қазалы ауданы, «Шилі» ауылы, «Шилі» көшесі №259 мектеп жаны | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Жадыра" дүкені | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 57 | Қазалы ауданы, «Шилі» ауылы, «Шилі» көшесі, Нұржан дүкенінің жаны | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Нұржан" дүкені | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 58 | «Сарыбұлақ» ауылдық округі, «Сарыбұлақ» көшесі, Ер Мағзаман мешітінің алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Анар" дүкені | 20 метр | шатыр (павильон) |
| 59 | «Сарыбұлақ» ауылдық округі, «Сарыбұлақ» көшесі, Орталық саябағының алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Ерке" дүкені | 300 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 60 | «Сарыбұлақ» ауылдық округі, «Сарыбұлақ» көшесі, фельдшерлік пункт алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Айткүл" дүкені | 50 метр, | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 61 | «Сарыбұлақ» ауылдық округі, «Сарыбұлақ» көшесі, «Сарыбұлақ ауылдық клуб» МКҚК оң жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | А.Томай дүкені | 200 метр | шатыр (павильон) |
| 62 | «Сарыбұлақ» ауылдық округі, «Сарыбұлақ» көшесі, Махамбетқайыр саябағы алды | 300 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Айткүл" дүкені | 400 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 63 | «Сарыбұлақ» ауылдық округі, «Сарыбұлақ» көшесі, №78 мектептің оңтүстік алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | А.Томай дүкені | 400 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 64 | «Көларық» ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы, Қазалы-Әлсейіт тас жолы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Дана" дүкені | 150 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 65 | «Көларық» ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы, Абай Құнанбаев көшесінің қиылысы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Расул" дүкені | 200 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 66 | «Көларық» ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы, Әзілхан Ишан көшесінің бас жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | " Расул " дүкені | 400 метр, | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 67 | «Көларық» ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы Ақтан батыр ауылына кірер ауызда | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | Бақдәулет" дүкені | 50метр | шатыр (павильон) |
| 68 | «Көларық» ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы, Бейбітшілік көшесінің қиылысы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Дана" дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 69 | «Бірлі»к ауылы, Орталық саябағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 2 | "Дастан" азық-түлік дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 70 | «Бірлік» ауылдық клубының арты, Рамберді Ишан көшесі | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 2 | Бірлік ауылдық клубы | 10 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 71 | «Бірлік» ауылы көне мектеп орны | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | Ауылдық балалар спорт ойын алаңы | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 72 | «Бірлік» ауылы Жаңқожа батыр көшесінің бойы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | Жаңқожа батыр көшесі | 10 метр | шатыр (павильон) |
| 73 | «Бірлік» ауылы Жаңқожа батыр көшесінің бойы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | Жаңқожа батыр көшесі | 10 метр | шатыр (павильон) |
| 74 | «Бірлік» ауылы Жаңқожа батыр көшесінің бойы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | Жаңқожа батыр көшесі | 10 метр | шатыр (павильон) |
| 75 | Арықбалық ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №22 учаскесінің жаны, Ә.Жақсылықов саябағы алды | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Алаш" дүкені | 300 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 76 | «Арықбалық» ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі мен Достық көшесінің қиылысы | 130 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Алаш" дүкені | 300 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 77 | «Арықбалық» ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №25 учаскесінің жаны, №94 орта мектептің солтүстік жағы | 150 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Алаш" дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 78 | «Арықбалық «ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №17А учаскесінің жаны, «Ардагерлер алаңы» алды | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Ақжол" дүкені | 50 метр | шатыр (павильон) |
| 79 | «Арықбалық» ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №28 үйдің шығыс жағы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Көркем" дүкені | 300 метр | шатыр (павильон) |
| 80 | «Арықбалық» ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №33 «Жаңқожа САА» оңтүстік жағы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Алкен" дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 81 | «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Ереш Тілеубаев көшесі №18 үйдің солтүстік жағы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Айдана» дүкені | 300 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 82 | «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Әбдірахман Тілеубаев көшесі №12 үйдің шығыс жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Дидарова" дүкені | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 83 | «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі № 5 үйдің батыс жағы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Айжігіт" дүкені | 150 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 84 | «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Меңдулла Күзембаев көшесі № 48 үйдің батыс жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Жанқуат" дүкені | 300 метр | шатыр (павильон) |
| 85 | «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Ғани Мұратбаев көшесі, № 18 үйдің батыс жағы | 300 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Сыр-Сұлтаны» дүкені | 600 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 86 | «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Ғани Мұратбаев көшесі, № 48 үйдің шығыс жағы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Айлунна» дүкені | 600 метр | автодүкен |
| 87 | «Құмжиек» ауылдық округі, Қашақбай Пірімов ауылы, Ақжігітов көшесінің бойында орналасқан, «Орталық спорт алаңының алды» | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Айбек" дүкені | 500 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 88 | «Құмжиек» ауылдық округі, Қашақбай Пірімов ауылы, Төлеген Ізтілеу көшесіндегі №40 үйдің жанындағы ашық алаң | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Айбек" дүкені | 600 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 89 | «Құмжиек» ауылдық округі, Қашақбай Пірімов ауылы, Төлеген Ізтілеу көшесінің бойында орналасқан «Матай» дүкенінің алды | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Матай" дүкені | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 90 | «Құмжиек» ауылдық округі, Қашақбай Пірімов ауылы, Төлеген Ізтілеу көшесінің бойындағы №45-үйдің жанындағы ашық алаң | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Жомарт" дүкені | 500 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 91 | «Құмжиек» ауылдық округі, Қашақбай Пірімов ауылы, Төлеген Ізтілеу көшесінің бойындағы №10-үйдің жанындағы ашық алаң | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Жомарт" дүкені | 400 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 92 | «Қарашеңгел» ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы, Ә.Ыбыраев көшесіндегі «Жалаңтөс батыр» ЖШС – нің астық қоймасының алды | 400 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Өрік" дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 93 | «Қарашеңгел» ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы,Ә. Тілеубаев көшесі орталық алаң жаны | 500 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Өрік" дүкені | 200 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 94 | «Қарашеңгел» ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы, Ә.Тілеубаев көшесіндегі ЖК «Бедер» азық-түлік дүкенінің алды | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | Бедер дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 95 | «Қарашеңгел» ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы, Ә.Ыбыраев көшесі «Жалаңтөс батыр ауылдық клубы» КМҚК-ның алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Өрік" дүкені | 300 метр | автодүкен,шатыр (павильон) |
| 96 | «Қарашеңгел» ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы, Қ.Пірімов көшесі «Береке» сауда орталығының алды | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | Узетова дүкені | 300 метр | шатыр (павильон) |
| 97 | «Қызылқұм» ауылдық округі, «Көукей» ауылы, «Көукей» көшесінің бойында орналасқан "Орталық саябақтың" алды (оңтүстік жағы) | 200 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Нұржан" дүкені | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 98 | «Қызылқұм» ауылдық округі, «Көукей» ауылы, Ғ.Мұратбаев көшесінің бойында орналасқан бұрынғы клуб үйінің алды | 200 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Жұлдыз" дүкені | 600 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 99 | «Қызылқұм» ауылдық округі, «Көукей» ауылы, Жанқожа батыр көшесінің бойында орналасқан автобус аялдамасының сол жағы | 100 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Дарын" дүкені | 500 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 100 | «Қызылқұм» ауылдық округі, «Көукей» ауылы, Т.Әубәкіров пен Ғ.Мұратбаев көшелерінің қиылысы | 100 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Жұлдыз" дүкені | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 101 | «Қызылқұм» ауылдық округі, «Көукей» ауылы, А.Жәнібеков көшесінің аяғы (№11Б-үйдің жанындағы ашық алаң) | 100 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Жұлдыз" дүкені | 400 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 102 | «Қызылқұм» ауылдық округі, «Көукей» ауылы, Жанқожа батыр көшесінің №1 және № 3А үйлерінің арасындағы ашық алаң | 100 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Дарын" дүкені | 80 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 103 | «Майлыбас» ауылдық округі, «Ақсуат» ауылы, Айтжан Өмірзақов көшесінің бойында орналасқан «Ақсуат ауылдық клуб» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының оң жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Гүлнұр" дүкені | 300 метр | автодүкен |
| 104 | «Майлыбас» ауылдық округі, «Ақсуат» ауылы, А.Өмірзақов көшесі, "Ауылдық клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ғимаратының артқы жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Г.Тілеумбетова" дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 105 | «Майлыбас» ауылдық округі, «Ақсуат» ауылы, Амангелді батыр көшесінің қиылысы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "А.Сапарбаева" дүкені | 200 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 106 | «Майлыбас» ауылдық округі, «Ақсуат» ауылы, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесі Ақсуат ауылы №100 орта мектептің оң жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | " Г.Тілеумбетова " дүкені | 200 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 107 | «Майлыбас» ауылдық округі, «Ақсуат» ауылы, Ғ.Мұратбаев көшесі, Ауылдық амбулатория артқы жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Қарақат" дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 108 | «Майлыбас» ауылдық округі, «Ақсуат» ауылы, Ә. Есмамбетов көшесі, «Ақмырза Ахун» мешіт жанында | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 3 | "Ж.Серикбаева" дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 109 | «Ақжона» ауылдық округі, «Майдакөл» ауылы, Орталық көшесінің бойында орналасқан Ай-ару дүкенінің жаны | 200 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Ай-ару" дүкені | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 110 | «Ақжона» ауылдық округі, «Майдакөл» ауылы, К.Ерімбет көшесі бойында орналасқан ауыл мешітінің жанында | 200 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "А.Утебаева" дүкені | 200 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 111 | «Ақжона» ауылдық округі, «Майдакөл» ауылы, Орталық көшесі мен Алмас көшесінің қиылысы | 100 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Ж.Емжаев" дүкені | 350 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 112 | «Ақжона «ауылдық округі, «Майдакөл «ауылы, Орталық көшесі мен О.Кітабалиев көшесінің қиылысы | 100 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | Ж.Емжаев" дүкені | 40 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 113 | «Ақжона «ауылдық округі, «Майдакөл» ауылы, Қ.Байжанов көшесі мен И.Қалниязов көшесінің қиылысы | 100 | Азық-түлік/азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "С.Темірбеков" дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 114 | «Өркендеу» ауылдық округі, Жанкент ауылы, Әбділда Тобаев көшесі, "Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің № 5 "Аққоян" бөбекжай-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның оң жағы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Сақтапберген" дүкені | 200 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 115 | Өркендеу ауылдық округі, Жанкент ауылы, Ж.Байқадамов көшесі бойында | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Ырыс" дүкені | 500 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 116 | Ө»ркендеу» ауылдық округі, Жанкент ауылы, Қорқыт ата көшесі, Орталық саябаққа баратын қақпа жанында | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Сақтапберген" дүкені | 100 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 117 | «Өркендеу»ауылдық округі, Жанкент ауылы, Ә.Тобаев көшесі №5 «Аққоян бөбекжай-балабақшасы жанында» | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | «Сақтапберген» дүкені | 400 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 118 | «Өркендеу» ауылдық округі, Жанкент ауылы, Жанкент көшесі , аялдама жанында | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Нұр-Төре" дүкені | 800 метр | шатыр (павильон) |
| 119 | Өркендеу ауылдық округі, Жанкент ауылы,Қ.Балтореев көшесі, Орталық саябақ қақпасы | 200 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | "Аяжан" дүкені | 100 метр | шатыр (павильон) |
| 120 | Қазалы ауданы, «Тасарық» ауылы, Ә.Сұлтамұратов көше бойы | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | " Дильшат " дүкені | 40 метр | шатыр (павильон) |
| 121 | Қазалы ауданы, «Тасарық» ауылы, Т.Бекжанов көшесі, "Тасарық ауылдық клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынға қарама-қарсы | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | " Ахмедияр " дүкені | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 122 | Қазалы ауданы, «Тасарық» ауылы, Т.Бекжанов көшесі бойы, орталық алаң жаны | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | « Ахмедияр « дүкені | 30 метр, | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 123 | Қазалы ауданы, «Лақалы» ауылы, Лақалы 1 көшесі №93 орта мектепке қарама қарсы | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | " Азық-түлік " дүкені | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 124 | Қазалы ауданы, «Лақалы» ауылы, «Лақалы» көшесі «Лақалы 2 ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны алды | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | " Гүлсезім " дүкені | 30 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |
| 125 | Қазалы ауданы, Лақалы ауылы, Лақалы 2 көшесі Лақалы ауылдық мешіт жаны | 180 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 | " Гүлсезім " дүкені | 50 метр | автодүкен, шатыр (павильон) |

# ҚҰДАЙБЕРГЕН САРЖАНҰЛЫ САРЖАНОВ



Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазақ ССР балық шаруашылығының бұрынғы министрі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Еңбек ардагері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Құдайберген Саржанұлы Саржановтың дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Құдайберген Саржанұлы Сыр өңірінде абыроймен еңбек етіп, халық мүддесі жолында аянбай тер төккен азаматтардың бірі. Ол балық шаруашылығы саласында ұзақ жыл еңбек етіп, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрі қызметіне дейін көтерілді. Балықшылар ауылдарында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың салынуына ұйытқы болып, қарапайым халықтың тұрмысын жақсартуға күш салды.

Арал теңізінің экологиялық қасіреті тереңдеген тұста Құдайберген Саржанұлы халықтың мұң-мұқтажын қорғауға белсене араласты. Арал, Балқаш проблемалары жөніндегі халықаралық қоғамдық комитеттің мүшесі ретінде өңір тұрғындарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған заңнамалық жұмыстарға үлес қосты. Туған жерінің тарихын сақтау ісіне де айрықша мән берген ол Арал қаласында «Балықшылар мұражайын» ашуға бастамашы болды.

•Еске алу

# АСЫЛЫМЫЗДА, АРДАҚТЫЛАРЫМЫЗДА ӨЗІҢІЗДЕР

Аса қадірменді әкеміз Ерімбетов Әзберген Өксікбайұлы 1932 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Қазалы қаласындағы №17 орта мектепті, кейін ауыл шаруашылығы техникумын тәмәмдап, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында еңбек жолын бастайды. Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылады. Әскерден оралған соң туған жерге қайта оралып, ДОСАФ мекемесінде нұсқаушы болып жұмыс істейді. Кейін Қазалы қаласындағы №529 -шы жол пайдалану учаскесінде бас инженер болып қызмет атқарып, өмірінің соңына дейін жұмыс атқарады. Ардақты әкеміз 1959 жылы болашақ анамыз Жексенбаева Ұлданаймен отбасын құрды. Анамыз Ұлданай «Жаңаталап» аулының перзенті. Ол кісіде Қазалы қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумында оқып, бухгалтер мамандығын алған. Алайда отбасының жағдайына байланысты мамандығымен жұмыс атқармаған. Есесіне 8 баланы дүниеге әкеліп, оның үшеуі ұл, бесеуі қыз көп балалы ана атанды.



Балаларының үлкені Күмісбек Өскемен қаласындағы автожол институтын бітіріп, біраз жыл жол саласында қызмет атқарды. Жары Балабекова Бақыт екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан төрт немере сүйіп ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ата-әже. Тараз қаласында тұрады. Болат – Қызылорда қаласындағы политехникумды бітіріп, Қазалы қаласындағы жолаушылар тасымалдау мекемесінде жұмыс істеді. Зейнеткер. Жары Сүйеубаева Гүлнар екеуі үш ұл тәрбиелеп өсіріп, қазіргі таңда 7 немере сүйіп отыр. Фатима – Түркістан қаласындағы медучилищені бітіріп, өмірінің соңына дейін Қызылорда облыстық «Жұқпалы аурулар» мекемесінде жұмыс атқарды. 2025 жылы науқастанып дүниеден өтті. Артында 2 ұлы, 7 немересі қалды. Ләтипа – Екібастұз қаласындағы медучилищені бітіріп, медицина саласында қызмет атқарды. Жұбайы Қалдыбеков Марат екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеуде. Астана қаласында тұрады. Рая – Қызылорда қаласындағы техникумды бітіріп, бухгалтер мамандығымен жұмыс атқарды. Жұбайы – Күмісбай екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп, 4 немеренің ата-әжесі. Темірбек – жары Нұргүл екеуі қарашаңырақтың түтінін түтетіп отыр. Бір ұл, екі қыздың ата-анасы. Дина Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы университетті бітіріп, мұғалім мамандығымен жұмыс атқарды. Жары – Асан екеуі бір баланың ата-анасы. Мадина – Байқоңыр қаласындағы медучилищені бітіріп, медбике мамандығымен жұмыс істеуде. Жұбайы Бақытжан екеуі 2 қыз, бір ұл тәрбиелеп отыр.

Біздер ата-аналарымыздың ұл қыздары ата-ана тәрбиесі арқылы осылайша өсіп ержеттік. Кейін отбасын құрдық. Алайда ата-анамыз біздердің осылай өсіп-өркендеп, ержеткенімізді көре алмай ерте өмірден өтті.

Әзберген әкеміз 1996 жылы, анамыз 2003 жылы өмірден өтті. Биыл әкеміздің қайтыс болғанына 30 жыл, анамыздың қайтыс болғанына 23 жыл толып отыр. Ата-анамыз өмірден өткенде қарындасымыз Дина мен Мәдина үй болып та үлгермеген еді.

Ата-анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдасы болсын

**Балалары**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

**Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.**

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

**Редакция мен баспахананың мекен-жайы:** 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

**Телефондар: директор** - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

**E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru** **Таралымы 11707 дана.**